

Денисов аудандық мәслихатының 2014 жылғы 28 ақпандығы № 25 "Қостанай облысы Денисов ауданы Перелески ауылының жергілікті қоғамдастықтың жиынына қатысу үшін бөлек жергілікті қоғамдастық жиындарын өткізу қағидасын және ауыл тұрғындары өкілдерінің сандық құрамын бекіту туралы" шешіміне өзгерістер енгізу туралы

### *Күшін жойған*

Қостанай облысы Денисов ауданы мәслихатының 2015 жылғы 19 маусымдағы № 60 шешімі. Қостанай облысының Әділет департаментінде 2015 жылғы 8 шілдеде № 5738 болып тіркелді. Күші жойылды - Қостанай облысы Денисов ауданы мәслихатының 2022 жылғы 9 маусымдағы № 44 шешімімен

**Ескерту. Күші жойылды - Қостанай облысы Денисов ауданы мәслихатының 09.06.2022 № 44 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 24 наурыздағы "Нормативтік құқықтық актілер туралы" Заңының 43-1 бабына сәйкес, Денисов аудандық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Денисов аудандық мәслихатының 2014 жылғы 28 ақпандығы № 25 "Қостанай облысы Денисов ауданы Перелески ауылының жергілікті қоғамдастықтың жиынына қатысу үшін бөлек жергілікті қоғамдастық жиындарын өткізу қағидасын және ауыл тұрғындары өкілдерінің сандық құрамын бекіту туралы" шешіміне (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 4553 болып тіркелген, 2014 жылғы 24 сәуірде "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде жарияланған) мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген шешіммен бекітілген Қостанай облысы Денисов ауданы Перелески ауылының бөлек жергілікті қоғамдастық жиындарын өткізу қағидаларында:

6-тармақ мемлекеттік тілде жаңа редакцияда жазылсын, орыс тіліндегі мәтін өзгермейді:

"6. Бөлек жиынды ашудың алдында Перелески ауылының қатысып отырган және оған қатысуға құқығы бар тұрғындарын тіркеу жүргізіледі.";

8-тармақ мемлекеттік тілде жаңа редакцияда жазылсын, орыс тіліндегі мәтін өзгермейді:

"8. Жергілікті қоғамдастық жиынына қатысу үшін Перелески ауылының тұрғындары өкілдерінің кандидатураларын Денисов аудандық мәслихаты бекіткен сандық құрамға сәйкес бөлек жиынның қатысушылары ұсынады.

Жергілікті қоғамдастық жиынына қатысу үшін Перелески ауылының тұрғындары өкілдерінің саны тең өкілдік ету қағидаты негізінде айқындалады.".

2. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Аудандық мәслихатының

кезектен тыс

сессиясының төрағасы

Ж. Ахметов

Денисов аудандық

мәслихатының хатшысы

А. Мұрзабаев

КЕЛІСІЛДІ:

Қостанай облысы Денисов

ауданы Перелески ауылы

әкімі

\_\_\_\_\_ Т. Гидзюк

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК